

III МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

9-сабақ Шешім үлгісі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

сенімхат
талап қоюшы
арызданушы
заңды мүдделері
іске қатысқандар

бас тарту
пайдаланудың мақсаты
заңсыз деп тану
тараптарды тыңдау
құрыс пайдалануға шектеу
қалалдемелерді қарастыру



2. Тыңдаңыз, жалғауларын жазыңыз.

құрыс пайдалануға _____
қалалдемелерді _____
тараптарды _____
құқықтарын _____
бас _____
талап қоюшының арызын _____
заңсыз деп _____
қорытындысын _____
тараптарды _____



3. Шешімнің құрылымын оқыңыз.

Талап қоюшы
Жауапкер
Талаптары
Сотқа қатысқандар
Сипаттау бөлігі
Уәждеу бөлігі
Қарар бөлігі



4. Мәтінді тыңдаңыз.

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:

төрағалық етуші судья А.А.Оспанов,

А.А.Салықованың хатшылығымен,

ашық сот отырысында _____ қарады:

_____ Цзілік Қанатұлы Садықов
_____ Қарағанды қаласының әкімі _____ жер

мелімін беруден бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп тану

_____ WhatsApp мессенджерінің беіне-баіланьсы арқылы
арызданушы Ц.Қ. Садықов, сенімхат боіынша жауапкердің өкілі А.Медеуова



5. Мәтін бойынша ақпараттың құрыс-бұрысын анықтаңыз.

Ақпарат	құрыс	бұрыс
Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы А.А.Оспановтың төрағалығымен		
Жауапкер : Угілік Қанатұлы Садықов		
Талап қоюшы : Қарағанды қаласының әкімі		
Жер телімін беруден бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп тану		
Іске қатысқандар: WhatsApp мессенджерінің беіне-байланысы арқылы арызданушы У.Қ.Садықов, сенімхат бойынша жауапкердің өкілі А.Медеуова		



6. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Күнгей ықшам ауданы Төреқұлов көшесі, 2-үй мекенжайы бойынша талап қоюшының тұрғын үі мен жер телімі орналасқан. 2021 жылы 1 тамыз күні талап қоюшы көлемі 0,005 гектар қосымша жер телімін беру үшін жауапкерге арызымен шағымданған.

Қарағанды қаласының әкімінің 2021 жылы 7 тамыз күні шығарылған қаулысымен талап қоюшы Угілік Қанатұлы Садықовқа «Күнгей» ықшамауданында жер телімін беруден бас тартқан. Талап арызында жауапкердің қаулысымен келіспеуінін, сұрап отырған жер оның тұрғын үінің қасында орналасқанын заңсыз деп танылуын сұрады.



7. Сөз тіркестерін құраңыз.

Заңсыз деп танылуын

келіспеуінін

тартқан

жер

қоюшы

талап

қаулысымен

телімі

танылуын

заңсыз деп

бас



8. Мәтін бойынша құрысын белгілеңіз. (+/-)

- ☐ Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Күнгеу ықшам ауданы Төреқұлов көшесі, 2-үй мекенжайы бойынша талап қоюшының тұрғын үйі мен жер телімі орналасқан.
- ☐ 2021 жылы 1 тамыз күні талап қоюшы көлемі 0,100 гектар қосымша жер телімін беру үшін жауапкерге арызымен шағымданған.
- ☐ Қарағанды қаласының әкімінің 2021 жылы 7 тамыз күні шығарылған қаулысымен Угілік Қанатұлы Садықовқа «Күнгеу» ықшамауданында жер телімін беруден бас тартқан.
- ☐ Талап арызында жауапкердің қаулысымен келісетінін, сұрап отырған жер оның тұрғын үйінің қасында орналасқанын заңсыз деп танылуын сұрады.



9. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Қазақстан Республикасы әкімшілік рәсімдік-процестік _____ 132-бабына сәйкес талап _____ құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік _____ толық күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоюға құқылы.

_____ арызын қарастыру құжаттарын зерттеу келе, саулет _____ телімді беруге қарсылығы жоқ және жоспарлау жобасына сәйкестігі туралы қорытындысы анықталды.

_____ отырысында жер телімінің мекені және көлемі құрыс көрсетілмеген.

ҚР Жер _____ 43-бабында көрсеткен жер теліміне құқық беру тәртібіне сәйкес талап қоюшы толық _____ тапсырған. Жауапкер _____ жер телімін беруден бас тартқан.

Талап қоюшы _____ мемлекеттік баж салығын өндірмеуін сұрады.



10. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

жер комиссиясының

мемлекеттік баж

талап қоюшының

заңды

талап қоюшының

жер телімінің

құқық беру

көлемі

тәртібі

арызы

отырысында

салығын

құқықтары

мүдделері



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

10 қазан 2021 жылы

№ _____ іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында: төрағалық етуші судья А.А.Оспанов,
А.А.Салықованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Ізгілік Қанатұлы Садықов

ЖАУАПКЕР:

Қарағанды қаласының әкімі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

жер телімін беруден бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: WhatsApp мессенджерінің бейне-байланысы арқылы арызданушы И.Қ. Садықов, сенімхат бойынша жауапкердің өкілі А.Медеуова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Күнгей ықшам ауданы Төреқұлов көшесі, 2-үй мекенжайы бойынша талап қоюшының тұрғын үйі мен жер телімі орналасқан. 2021 жылы 1 тамыз күні талап қоюшы көлемі 0,005 гектар қосымша жер телімін беру үшін жауапкерге арызымен шағымданған.

Қарағанды қаласының әкімінің 2021 жылы 7 тамыз күні шығарылған қаулысымен талап қоюшы Ізгілік Қанатұлы Садықовқа «Күнгей» ықшамауданында жер телімін беруден бас тартқан. Талап арызында жауапкердің қаулысымен келіспеуінін, сұрап отырған жер оның тұрғын үйінің қасында орналасқанын заңсыз деп танылуын сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 132-бабына сәйкес талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоюға құқылы.

ҚР Жер кодексінің 43-бабында көрсеткен жер теліміне құқық беру тәртібіне сәйкес талап қоюшы толық құжаттарын тапсырған. Жауапкер негізсіз жер телімін беруден бас тартқан.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК 151, 152, 154 және 156-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ізгілік Қанатұлы Садықовтың Қарағанды қаласы әкіміне жер телімін беруден бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Қарағанды қаласы әкімінің 2021 жылы 7 тамыз күні №35/40 Ізгілік Қанатқа Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Күнгей ықшамауданында Төреқұлов көшесі 2-үйдің қасында, көлемі 0,005 га жер телімін, пайдалану мақсаты «тұрғын үйдің эксплуатациясына» қосымша жер телімін беруден бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп танылсын.

Шешімге наразы тарап Қарағанды облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап екі ай мерзімде апелляциялық шағым келтіруі мүмкін.

Судья

А. А.Оспанов